



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2020 жылғы 30 сәуір

KAZ MINERALS ТОБЫ 2020 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ІС-ҚЫЗМЕТТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

2020 жылдың бірінші тоқсанында KAZ Minerals Тобы 74,9 мың тонна мыс¹ өндірді (2019 жылғы 4-тоқсан: 80,9 мың тонна). Бұл өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда 7%-ға артық (2019 жылғы 1-тоқсан: 70,0 мың тонна). Топ 280-300 мың тонна көлеміндегі жылдық жоспарлы аралыққа жету жолында келеді. Алтынның² 55,4 мың унция (2019 жылдың 4-тоқсаны: 55,3 мың унция) көлеміндегі тұрақты өндірісі Бозшакөл кен байыту фабрикасының (БФ) жоғары өткізу қабілеттілігіне байланысты.

2020 жылдың 28 қаңтарында жаңартылған экспорт алдындағы қаржылық несие желісін (ЭҚЖ) пайдаланғаннан кейін Топтың таза берешегі \$2,796 млрд (2019 жылғы 31 желтоқсанындағы мәлімет: \$2,759 млрд) құрады, пайдаланылмаған несие желілерінің мөлшері – \$306 млн, ақшалай қаражат – \$1,055 млрд.

Covid-19 байланысты шаралар

Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін және денсаулығын қамтамасыз ету - Топтың басты міндеті. Covid-19 әлемдік экономикаға әсер ету аясында KAZ Minerals-тың көніштері жыл басынан бүгінгі күнге дейін жұмысты жалғастырып келеді және мыс өндірудің жылдық жоспарлы көрсеткіші өзгеріссіз қалады. KAZ Minerals Тобы коронавирустың әсерінен қорғану үшін барлық қажетті алдын-алу шараларын атқаруда: оның ішінде кәсіпорындарға қатынауды шектеу, қызметкерлердің денсаулық жағдайына скрининг жасау, вахталарды қайта ұйымдастыру, сондай-ақ, қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдары қоймаларын кеңейту. Клиенттерге өнімді сату Қазақстан-Қытай шекарасында аздаған кідіріспен ғана жалғасуда. Өндірістік қызмет үшін болуы мүмкін қауіп-қатерлер - тауарларды немесе адамдарды өткізуге шектеулердің жалғасуы, жеткізу тізбегінің үзілуі немесе өндірістік алаңдарда жұқтыру жағдайларының пайда болуы. Топ операциялық іс-қызметін жүргізетін елдердегі халықтың осал топтарын қолдау үшін қаржылық көмек көрсетті.

Ақтоғай

Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай КБК-нде кен өндіру өткен жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда (2019 жылғы 1-тоқсан: 11,017 млн тонна) 14%-ға өсіп, 12,556 млн тоннаны құрады. Алайда өткен тоқсанмен салыстырғанда (2019 жылғы 4-тоқсан: 16,035 млн тонна) көрсеткіш 22%-ға төмендеді. Оған себеп – оксидті кенді өндіру азайды: өндіріс барысында бұрын өндірілген шикізатты суландыруға және құрамы нашар сульфидті кен аршуды азайтуға ден қойылды.

Бірінші тоқсанда сульфидті кеннен 27,2 мың тонна мыс өндірілді. Бұл өткен тоқсандағы көрсеткіштен 10% төмен (2019 жылғы 4-тоқсан: 30,1 мың тонна) және өткен жылдың осындай кезеңінен 12% төмен (2019 жылғы 1-тоқсан: 31,0 мың тонна). 2019 жылдың төртінші тоқсанынан көшірілген және 2020 жылдың қаңтар айында аяқталған диірменнің қаптамасын жоспарлы ауыстыру әсер етті. Сөйтіп, кен өңдеу көлемі азайды. Сондай-ақ, есепті тоқсанда кен беру қоспасының өзгеруі нәтижесінде бөліп алу коэффициентінің 82,7%-ға (2019 жылғы 4-тоқсан: 87,0%) дейін уақытша төмендеуі өндіріске әсер етті.

Оксидті кеннен катодты мыс өндіру 2020 жылдың бірінші тоқсанында 6,1 мың тоннаны құрады. Өткен тоқсанда - 4,2 мың тонна. Өсім неғұрлым жоғары маусымдық температуралармен және оксидті кенді қайта өңдеу кешенінде дайын өнім қоймасының қысқаруына алып келген модификацияға байланысты. 2019 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда катодты мыс өндірісі 7%-ға өсті (2019 жылғы 1-тоқсан: 5,7 мың тонна).

¹ Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілетін катодты мыс

² Концентраттағы ақысы төленетін металл

Мыс өндірісінің жалпы көлемі – 33,3 мың тонна – диірмендерге жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге және бөліп алу коэффициентінің анағұрлым төмен болуына байланысты өткен тоқсанмен салыстырғанда 3%-ға төмен және өткен жылдың бірінші тоқсанындағы өндіріс көлемінен 9%-ға төмен.

Ақтоғай мыс өндірісінің жылдық көлемі – 120-130 мың тоннаға жету жолында келеді.

Бозшакөл

Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-нде кен өндіру көлемі - 7,705 млн тонна. Өткен тоқсанмен және 2019 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда тиісінше 15% және 13%-ға төмендеу. Каолин балшығы бар шикізатты аршудың айтарлықтай қысқаруынан орын алған бұл жағдай алдын-ала болжанған еді.

2019 жылдың төртінші тоқсанымен салыстырғанда мыс өндіру 4%-ға төмен, яғни, 29,8 мың тонна. Дегенмен 2019 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 25%-ға жоғары. Өндіріс қарқыны жылдық жоспарлы 110-120 мың тонна көлемінегі аралыққа сәйкес келеді.

2020 жылдың бірінші тоқсанында алтын өндіру көлемі 42,3 мың унцияны құрады (2019 жылғы 4-тоқсан: 41,8 мың унция), бұл 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткіштен 41%-ға артық. Өткен тоқсанмен салыстырғандағы өсім кенді қайта өңдеу көлемінің және бөліп алу орташа коэффициентінің өсуіне байланысты. Қайта өңделген кендегі алтын мөлшерінің, орташа бөліп алу коэффициентінің артуы мен каолин балшығы бар кенді қайта өңдеу БФ-ның жаңғырту жұмыстары үшін уақытша тоқтауының арқасында жылдық өсімге қол жетті. Алтын өндірісінің ағымдағы көлемі 2020 жылы жоспарланған 140-150 мың унцияларға жетуде жақсы ілгерілеу болып отыр.

232 мың унция көлеміндегі күміс өндірісі 700 мың унция көлемінде толық жылдық көрсеткішке қол жеткізуге ықпал етеді.

Шығыс өңір және Бозымшақ

Шығыс өңір ("Шығыстүстімет" ЖШС, ШҚО) және Бозымшақ (Бозымшақ КБК, Қырғызстан) кәсіпорындарында кен өндіру өткен тоқсанмен салыстырғанда 5%-ға артып, 1,007 млн тоннаны құрады. Бұл 2019 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 6%-ға артық. Аталмыш нәтиже Шығыстүстіметтің Артемьев шахтасында және Бозымшақта қосымша шикізат көлемін өндіруге байланысты.

2020 жылдың бірінші тоқсанындағы мыс өндіру көлемі – қаңтар айында Николаев БФ-да кенді жинақтау есебінен 11,8 мың тонна (2019 жылдың 4-тоқсаны: 15,6 мың тонна). Дегенмен бұл 2019 жылдың бірінші тоқсанынан 24%-ға артық – бұл кезеңде Николаев фабрикасы ұзағырақ уақыт тоқтап тұрған. Белоусов БФ Ертіс шахтасының кенін өңдемейді. Ертіс және Артемьев шахталарының кені өңдеу қуаттарын толық пайдалану үшін Николаев БФ-на жөнелтіледі.

2020 жылдың бірінші тоқсанында алтынның өндіріс көлемі 3%-ға азайып, 12,5 мың унцияны (2019 жылғы 4-тоқсан: 12,9 мың унция) құрады - Шығыс өңірде қайта өңдеу көлемінің төмендеуі Бозымшақта өндірістің жоғары деңгейімен ішінара өтелді.

443 мың унция мөлшеріндегі күміс өндіру алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда төмен (511 мың унция), бірақ 2019 жылдың бірінші тоқсанынан жоғары (314 мың унция), бұл кенді қайта өңдеу көлемінің өзгеруіне сәйкес келеді.

Концентраттағы мырыш өндірісінің көлемі - 9,0 мың тонна. Өткен тоқсанмен салыстырғандағы 4% төмендеу қайта өңдеу көлемінің азаюынан туындады, ал кендегі металдың орташа мөлшері керісінше (1,84%-дан 2,36%-ға дейін) өсті.

Ағымдағы қарқын барлық металдар өндірісінде жылдық жоспарлы көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік береді. Алдағы үш тоқсанда мыс, күміс және мырыш өндірісінің жоғары деңгейі күтілуде, себебі ақпан айының басында Николаев байыту фабрикасында қайта өңдеу қайта басталды.

Топ өндірісіне қысқаша шолу		2020 1 тоқ.	2019 4 тоқ.	2019 1 тоқ.
Мыс өндіру	мың тонна	74,9	80,9	70,0
Ақтоғай	мың тонна	33,3	34,3	36,7
Бозшакөл	мың тонна	29,8	31,0	23,8
Шығыс өңір мен Бозымшақ	мың тонна	11,8	15,6	9,5
Алтын өндіру	мың унция	55,4	55,3	43,4
Күміс өндіру	мың унция	793	886	626
Концентраттағы мырыш	мың тонна	9,0	9,4	6,2

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы **Эндрю Саузам** былай деп мәлімдеді: "Біздің басымдық - қызметкерлер мен жергілікті халықтың қауіпсіздігі. Топ қызметкерлері мен мердігерлеріміз осы мақсатқа жету үшін үздіксіз өндірістік қызметті қамтамасыз ете отырып, тынымсыз еңбек еткенін мақтан тұтамын. Біз вахтаның мерзімдерін ұзарту үшін, кен орындарға қатынауды шектеу және қызметкерлердің денсаулығына мониторинг жүргізу үшін еңбекті ұйымдастыруды қайта қарастырдық. Қабылданған шаралар бізге айтарлықтай тоқсандық өндіріс көлеміне қол жеткізуге және жылдық жоспарлы көрсеткіштерді өзгеріссіз сақтауға мүмкіндік берді. Бұл ретте мыс пен алтынның өндірісі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда тиісінше 7% және 28%-ға артты".

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2019 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 311 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 38 мың тонна концентраттағы мырыш, 201 мың унция алтын мен 3,382 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 25 жылға жуық. Кендегі мыс мөлшері 0,35% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 100 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2024 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 40 жылға жуық. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Іске қосылғаннан кейін жоба алғашқы он жылдағы күтіліп отырған жылдық орташа көрсеткіштер - шамамен 250 мың тонна мыс және 400 мың

унция алтын немесе мыс эквивалентімен есептесек, 330 мың тонна болмақ. Кеніштің пайдалану мерзімі 25 жылды құрайды және таза ақшалай өзіндік құны жаһандық шығындар қисығының бірінші квартилінде орналасқан. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Кенішті игерудің күрделі шығындары \$5,5 млрд деп бағаланды. Жобаның параметрлері техника-экономикалық негіздеме аяқталғанда расталады. Топ талдаушылардың консенсус-бағасы мен тартымды ішкі табыс нормасы (IRR) аясындағы таза келтірінді құнның (NPV) айтарлықтай өсімін күтіп отыр. Баимская мыс жобасын іске асыру Топқа жоғары өсімін жалғастыруға мүмкіндік беріп, Топтың портфеліне ірі ауқымды, ұзақ мерзімді активті қосады.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 16 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.